

**Слайдты дайындаған Алматы облысы
Междуреченск ауылының Ю.А.
Гагарин атындағы № 16 орта
мектебінің тарих пәні мұғалімі
Сулейменов А.Б.**

Оқулық: 7 сынып Қазақстан тарихы. Жолдасбаев С.
Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 2-бас. –
Алматы: Атамұра, 2012.

Қазақ хандығына 550жыл





Қазақ хандығының құрылуы



ALLDAY.RU



ALLDAY.RU



Ұрыс хан




Керей



Жәнібек

Қазақ хандығы қалыптасуының алғышарттары

Әбілқайыр хандығында тоқтаусыз өршір отырған
ішкі феодалдық қырқысулар



Әбілқайыр ханның 1457 жылы Сығанақ түбінде ойраттардан жеңілуі ел ішінде беделін түсірді.



Осы жеңілістен кейін Әбілқайыр хан өзін қолдамаған сұлтандарды қуғын-сүргінге ұшырата бастады.



Бұл жағдай Керей мен Жәнібек сұлтандарға да әсерін тигізді. Керей мен Жәнібек қолдайтын ру-тайпаларымен Жетісуға ойысуды көздейді. Ондағы мақсат Жетісу жеріндегі тайпалармен бірігу.




Керей мен Жәнібек сұлтандардың келуіне Моғолстан ханы Есен-бұға қарсы болмаған. Өз бауыры Жүністен қауіптенген Моғол ханы Есен-бұға қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібек Батыс Жетісуға қоныстанса қауіпсіз болар деп ойлады.



Керей мен Жәнібектің Батыс Жетісуға көшіп келуін халқымыздың
тұңғыш көрнекті тарихшысы, ғұлама *Мұхаммед Хайдар*
Дулати 1465-1466 жылдар деп жазды.



Сұлтандар Батыс
Жетісуды құтты мекен ете
отырып, **1465-1466**
жылдары Қозыбасыда
Қазақ хандығын құрды.
Бірақ та ол мерзімді бір
Алла ғана біледі деп нақты
айтпаған. Өйткені, М.Х.
Дулатидің өзі ол кезде
қазақ жерінде болмаған еді
және оқиғаны 100 жылдан
кейін жазған.



АҢЫЗ



ҚОБЫЛАНДЫ

Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр ханнан бөліне көшуінің тағы бір себебі болған. Дайырқожа би 1456 жылы Әбілқайыр ханның қолбасшысы **Қобыланды батырдың** қолынан қаза табады. Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханның дауды шешу мәселесімен келіспей, 1457 жылы Жетісуға қарай ойысады.



ДАЙЫРҚОЖА БИ



**Сонымен, соңғы
ғылыми зерттеулер
бойынша Керей мен
Жәнібек сұлтандар
1457 жылы
Қозыбасы мен Шуға
келіп қоныстанып,
Батыс Жетісуды
құтты мекен еткен.**



Қазан хандығы

Сібір хандығы

Жоңғар хандығы

Керей мен Жәнібек сұлтандардың Жетісуға қоныс аударуы

Моғолстан

Темуриддер мемлекеті



1458 жылы көктемде Керей сұлтан хан сайланып, Қазақ хандығын құрды.



Қазақ хандығының жер аумағы



8-карта

Хандықтың алғашқы алып
жатқан жері М.Х.
Дулатидің хабары
бойынша Қозыбасы мен
Шу аумағы болған. Бұл
аумақ Жетісудың батысы
Қозыбасы тауы еді,
атақты Үшқоңыр жайлауы
қырғыз жерімен
шектесетін. Мұнда,
аңызға қарағанда Керей
хан тұрған.

Ал Жәнібек хан қазіргі
Шу стансасының
солтүстік-шығыс
жағында ғы Хантауды
жайлаған. Хантаудың
солтүстік-шығыс
жағында Жәнібектің
қыстауы деген қыстау
бар

ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

КЕРЕЙ

ҚАҢЛЫ



МАҢҒЫТ

ҚОҢЫРАТ



НАЙМАН

ҚЫШШАҚ

ҮЙСІН



Көрші елдермен қарым-қатынасы

Қазақ хандығының
алғашқы қарым-
қатынас жасаған елі
Моғол хандығы болды.



Қазақ хандығы
қырғыздармен қарым-
қатынас орнатты.
Қырғыздар Жәнібек
сұлтанның бір ұлын хан
етіп қоюға шақырған.




ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТУЫ



КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК





**Естерінде болсын!!!
Қазақ хандығы Орта
Азияда пайда болған
ең алғашқы ұлттық
мемлекет!**



ӘБІЛҚАЙЫР
ХАН



ҰРЫС ХАН



ЕСЕН БҰҒА
ХАН



КЕРЕЙ ХАН

ЖӘНІБЕК ХАН



БҰРЫНДЫҚ
ХАН



ҚАСЫМ ХАН



АТА-БАБАСЫ

ЖАУЛАРЫ

ҚОЛДАУШЫСЫ

ҰРПАҚТАРЫ

Жылдар мен оқиғалар
(Даталармен жұмыс)

1428

1431

1446

1456-1457

1468

Қазақ халқының этникалық құрамы (Артығын алып таста)

КЕРЕЙ

МОҒОЛ

ҮЙСІН

ҚЫРҒЫЗ

ҚАҢЛЫ

ҚАРАҚАЛПАҚ

**НАЙМА
Н**

**МАҢҒЫ
Т**

ҚЫПШАҚ

**ҚОҢЫРА
Т**

Үй жұмысы

1. Қазақ хандығының құрылуын
оқу

2. 154 бет, сұрақтарға жауап беру

Оқулық: 7 сынып Қазақстан тарихы. Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 2-бас. — Алматы: Атамұра, 2012.

Тақырыпты пысықтау сұрақтары

1

2

3

4

5

Керей мен Жәнібек сұлтандар
неге Әбілқайыр ханнан бөлініп
шықты?

[Жауабы](#)

Неге М.Х. Дулатидің Қазақ
хандығының құрылуы
туралы айтылған жылы
нақты дерекке
саналмайды?

[Жауабы](#)

Жәнібек пен Керей
сұлтандар қандай
хандардың ұрпақтары
болып табылады?

[Жауабы](#)

Моғол ханы Есен-бұға
қазақ сұлтандарын неге
құшақ жая қарсы алды?

[Жауабы](#)

Қазақ хандығы қай жерде
құрылды?

[Жауабы](#)

Қобыланды батырдың Дайырқожа биді өлтіргеннен кейін, Әбілқайыр ханның Қобыланды батырға лайықты жазасын бермеуі Керей мен Жәнібек сұлтандарды ызаландырып, сұлтандар бөлек көшіп кетеді.



М.Х. Дулати өзі ол кезде қазақ жерінде болмаған еді және ол оқиғаны 100 жылдан кейін жазған.




Ақ Орданың билеушісі Ұрыс (Орыс хан) ханның ұрпақтары



Өзінің бауыры Жүністен қауіпсіз болу үшін.



Қазақ хандығының алғашқы құрылған жері: Қозыбасы мен Шу аумағы болған.



Жамбыл облысы. Шу және Мойынқұм өңірі шектескен тұс

